

"Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 8 мамырдағы N 247 Заңы

1-бап. "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 435-құжат; 2001 ж., N 21-22, 286-құжат; 2003 ж., N 10, 53-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік мұрағаттар ақылы негізде жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге қ ұ қ ы л ы .

Мемлекеттік мұрағаттардың ақылы жұмыстары мен қызметтеріне тек қана:

1) ұйымдар мұрағаттарының және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметтерінің жұмысын жетілдіру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және е н г і з у ;

2) құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу;

3) жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтінімдері) бойынша құжаттама жасау мен құжаттаманы басқарудың қазіргі заманғы негіздерін оқыту жөніндегі курстар мен семинарларды өткізу;

4) мұрағат істері мен құжаттарды реставрациялау, түптеу, мұрағаттық қораптар дайындау ;

5) мұрағат құжаттарының сақтандыру көшірмелерін дайындау, мәтіндерін қалпына келтіру, микрофильмдердің, кино құжаттарының, фото негативтерінің, құжаттардың түрлі-түсті слайдтарының, сондай-ақ қағаздағы және электрондық негіздегі құжаттардың көшірмелерін түсіріп алу;

6) мұрағат қорларына ғылыми-анықтамалық аппарат жасауда және оны жетілдіруде әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

7) тапсырыстар (өтінімдер) бойынша генеалогиялық және тақырыптық сипаттағы ақпаратты анықтауды жүргізу және мұрағат құжаттарының көшірмесін алу жатады."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК